

УДК: 636.083.37:636.2 (574.21)

ӘУЛИЕКӨЛ ТҰҚЫМЫ ЖАС МАЛДАРЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ

А. А. Шегебаева, ізденуші

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Мақалада әуликөл тұқымы жас малдарының 15 айлық жастағы сойысының ет өнімділігінің сапасы баяндалады. Бұқашықтар тобының ұшаларының салмағы ұрғашы баспақтар тобынан 51,4 кг (24,4 %) , өгізшелер тобынан 19,1 кг (9,1 %) , сойыс салмағы тиісінше 52,2 кг (23,6 %) – 18,9 кг (8,5 %) , сойыс шығымы 4,5-3,0 % жоғары болды, ал іш майының жоғарырақ шығымы өгізшелер тобынан алынды.

В статье приведены показатели мясной продуктивности молодняка ауликольской породы в возрасте 15 месяцев. По массе туши группа бычков превосходили группы телочек и кастратов на 51,4 кг (24,4 %) – 19,1 кг (9,1 %) , по убойной массе соответственно на 52,2 кг (23,6 %) – 18,9 кг (8,5 %) , убойной выход был выше на 4,5-3,0 %. При контрольном убое у опытных групп было выявлено, что масса внутреннего жира была выше у группы кастратов.

In the article the indexes of meat productivity of young stock of Auliyekol breed at the age of 15 months are enumerated. By the mass of corpse a group of bulls surpasses groups of stirks and castrates on 51,4 kg (24,4 %) – 19,1 kg (9,1 %) , by the dressed weight correspondingly on 52,2 kg (23,6 %) – 18,9 kg (8,5 %) , the slaughter yield was higher on 4,5-3,0 %. During the control slaughter of testing groups it was determined that the mass of inner fat of group castrates was higher.

Ет өнімділігінің дәл, нақты, әрі мінсіз бағасын тек малды сойғаннан кейін ғана анықтауға болады. Өсу мен еттің қалыптасуы түсініктері қатар жүреді, өйткені жас малдардың дамуы кезінде тірілей салмақтың артуы бұлшықет ұлпасының өсуіне тікелей байланысты. Ірі қара малдың ет өнімділігін көптеген авторлар зерттеді [1, 2, 3 т.б.]

Ет өнімділігінің сапалық көрсеткіші малдың тірілей салмағы, сойыс шығымы, ұшасының құрамы мен жұмсақ етінің шығымымен сипатталады.

Қазіргі уақытта әуликөл тұқымы малдарының таралу аймағын кеңейту үшін, оларды табиғи-климаттық жағдайы әр түрлі аудандарда өсіруде. Авторлар әуликөл тұқымының жас төлдерін етке өсірудің мәліметтерін талдай келе, бұл тұқымның аталық ізді бұқашықтарының тірілей салмағы 400 кг жету үшін 14 ай (424 күн), аталық ізге жатпайтындары үшін 15 ай (444 күн), ұрғашы баспақтарға тиісінше 522-534 және 558 күн қажет деген қорытындыға келеді [4].

Ф. А. Нағдалиев, О. В. Даниленко, В. А. Поповтың деректеріне сүйенсек, әуликөл тұқымы бұқашықтары мен өгізшелерінің тірілей салмағы, ұшасы мен сойыс салмағы зерттелген қазақтың ақ бас тұқымының малдарынан анағұрлым жоғары болып, іш майының салмағы арасындағы айырмашылық 18 айлық жасында теңелді. Яғни, өсіру мен азықтандырудың бірдей жағдайында өсірілген тұқымдардың арасында әуликөл тұқымының бұқашықтары мен өгізшелерінің тәуліктік қосымша салмақ қосуы мен сойыс шығымы тиісінше 1,4-0,7 % жоғары болды [5].

Мал тұқымын сақтауға, жас төлдердің басын көбейтуге, яғни табынды өз төлі есебінен өсіруге қолданылуына байланысты ет бағытындағы ұрғашы баспақтарды 16-18 айлық жастарында алғаш рет қашырады. Ал шаруашылықта ұрғашы малдың сырт пішінінде жауырын асты орамы төмен, бөксесі тар, арқасы түсіңкі секілді бірқатар кемшіліктер байқалатын 15 айлық ұрғашы баспақтар сойысқа жіберілді.

Зерттеу жұмысында сойыс нәтижелерінің салыстырмалы бағасын жүргізу үшін қыстан шыққан 15 айлық жастағы әр топтың 3 бас малы сойылып, ұрғашы баспақтардың (I топ), бұқашықтар (II топ) мен өгізшелердің (III топ) ет өнімділігінің сапалық көрсеткіштері бағаланды.

Смирнов Д. А., Бугрим Л. Н. жүргізген зерттеулер мен жинақтаған тәжірибелерді сараптау негізінде, ұдайы өндіріске жарамсыз ұрғашы малдарды тікелей етке өткізу шаруашылық үшін тиімді деп есептемеу қажет. Себебі мұндай ұрғашы малдарды ет өндіру

технологиясы бойынша етке өсіруге толық мүмкіншілік бар. Ол үшін арнайы алаңдарды бөлу ең тиімді тәсіл болып саналады [6].

Бұқашықтарды топтап өсіргенде жыныстық қозу, белсенді қозғалғыштық және басқыншылық сияқты жыныстық жүріс-тұрыстың белгілері, сонымен бірге сүзісу, секірулер секілді стрестік жағдайлар малдардың өнімділігіне әсер етеді. Бұқашықтар етінің аспаздық-дәмдік сапасы өгізшелер етінен төменірек болғанымен, қалыпты жағдайда олар жылдамырақ өседі. Соған байланысты, еркек малдарды піштірудің маңызы артады.

Сойыс алдында малдар еркін суарылып, 24 сағат бойы аш ұсталынды.

Бақылау сойысының нәтижелері көрсеткендей, ұрғашы баспақтармен салыстырғанда бұқашықтар мен өгізшелер дене тұлғасының созымдылығымен ерекшеленді. Олар 15 айда ұшаның ұзындығы бойынша тиісінше 36,3-20,7 см (20,4-12,8 %) басым түсті (1-кесте).

1-кесте – 15 айлық жас малдардың ұшаларының өлшемдері, см

Көрсеткіштер	Топтар		
	I	II	III
Дене тұрқының ұзындығы	81,8	103,9	94,3
Санының ұзындығы	60,4	74,6	68,6
Ұшаның ұзындығы	142,2	178,5	162,9
Санының орамы	76,2	100,5	92,2
Ұшаның салмағы, кг	159,3	210,7	191,6
Санның еттену коэффициенті, %	126,1	134,7	134,4
Ұшаның еттену коэффициенті, %	112,0	118,0	117,6

Дене тұрқының ұзындығы бойынша II топтың малдары I топтан – 22,1 см (21,3 %), III топтан – 9,6 см (9,3 %), санының ұзындығы бойынша тиісінше 14,2-6,0 см (19,1-8,1 %) жоғары болды. Барлық топтардағы жас малдардың арқа мен бел бөліктері, ал бұқашықтар мен өгізшелердің сандары бұлшықетке толы болғанын атап өту қажет. Санының орамының артықшылығы сәйкесінше 24,3-8,3 см (24,2-8,3 %) құрады.

Алынған мәліметтерді талдау негізінде, 15 айлық жаста сойылған бұқашықтар мен өгізшелердің бұлшықет ұлпасының қарқынды дамуынан ұшаның еттену коэффициенті топтар бойынша 118,0-117,6 % теңеліп, I топтан тиісінше 6,0-5,6 % артқаны анықталды. Санның еттену коэффициенті соған сәйкес 8,6-8,3 % басым түсті.

Барлық ұшалар етке толып, май қабатымен жабылды, әсіресе бұл белгі бұқашықтар мен өгізшелердің тобында жақсы байқалды.

Жүргізілген зерттеулердің мәліметтері көрсеткендей, 15 айлық жаста ұрғашы баспақтардың орташа тірілей салмағы 342,0 кг, бұқашықтардікі – 410,4 кг, өгізшелердікі – 386,1 кг болды. I топтағы малдардың сояр алдындағы орташа тірілей салмағы – 327,6 кг, II топтағы малдар – 394,2 кг, III топтағы малдар – 370,3 кг тартып, бұқашықтар өгізшелер тобынан 23,9 кг (6,1 %, $P < 0,01$), ұрғашы баспақтар тобынан 66,6 кг (16,9 %) ауыр болды. Өгізшелер мен ұрғашы баспақтар тобы арасындағы айырмашылық 42,7 кг (11,5 %) теңелді (2-кесте).

2-кесте – 15 айлық жас малдардың бақылау сойымының нәтижелері (n = 3, M ± m)

Көрсеткіштер	Топтар		
	I	II	III
Тірілей салмағы, кг	342,0±1,66	410,4±0,81	386,1±2,06
Сояр алдындағы салмағы, кг	327,6±1,65	394,2±0,54	370,3±1,78
Ұша салмағы, кг	159,3±0,65	210,7±0,58	191,6±0,72
Ұшаның шығымы, %	48,6	53,5	51,7
Іш майының салмағы, кг	9,3±1,23	10,1±0,86	10,3±0,94
Іш майының шығымы, %	2,8	2,8	2,9
Сойыс салмағы, кг	168,6±1,42	220,8±1,56	201,9±1,23
Сойыс шығымы, %	51,4	56,0	54,5

Соған сәйкес бұқашықтардың жұп ұшаларының салмағы 210,7 кг тартып, I топтан 51,4 кг (24,4 %), II топтан 19,1 кг (9,1 %) кг артық болды. Етті өндіру көлемінің тиімділігін анықтаушы

көрсеткіш саналатын ұшаның шығымы ұрғашы баспақтарда – 48,6 %, бұқашықтарда – 53,5 % және өгізшелерде – 51,7 % болды.

Ғалымдардың деректері бойынша май бұлшықеттің арасында байланудан бұрын, алдымен дененің ішкі қуысында жиналады [7]. 15 айда ұрғашы баспақтардың іш майының салмағы 9,3 кг, бұқашықтардікі – 10,1 кг, өгізшелердікі – 10,3 кг тартып, топтар бойынша іш майының шығымы тиісінше 2,8 %, 2,8 және 2,9 % теңелді.

Топтардағы малдардың ұшаларының сойыс салмағы I топта – 168,6 кг, II топта – 220,8 кг және III топта – 201,9 кг құрап, басқа топтармен салыстырғанда бұқашықтардың сойыс салмағы тиісінше 52,2-18,9 кг (23,6-8,5 %) жоғарырақ болды.

Сойыс шығымы тірілей салмақ пен суытылған ұшаның салмағы арасындағы байланысты сипаттайтын маңызды көрсеткіш. Соиыс шығымы бойынша бұқашықтар мен өгізшелердің топтары арасындағы айырмашылық 1,5 % теңеліп, ұрғашы баспақтардың тобынан тиісінше 4,5-3,0 % басым түсті.

Әулікөл тұқымы жас малдарының 15 айда өткізілген сойысының зерттеулерін қорытсақ, жұп ұшаларының салмағының, сойыс салмағының, сойыс шығымының жоғарырақ көрсеткіші II топтың бұқашықтарынан, ал іш майының жоғарырақ шығымы өгізшелер тобынан алынды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Левантин, Д. Л. Производство говядины в странах-членах СЭВ / Д. Л. Левантин. // М. : ВНИИТЭЖ. – 1977. – Б. 4-23 .
2. Левантин, Д. Л. Использование свехремонтных телок для производства говядины / Д. Л. Левантин, Н. В. Черкаев. – Зоотехния. – 1991. – №4. – Б. 43-48.
3. Огуй, В. Г. Производство говядины с выращиванием телят на подсосе / В. Г. Огуй. – Зоотехния. – 2000. – №11. – Б. 26-27.
4. Тореханов, А. А. Заводские линии аулиекольской породы крупного рогатого скота / А. А. Тореханов, В. Д. Крючков, С. Ш. Сатыгул и др. // Алматы. – 2005. – Б. 104.
5. Нагдалиев, Ф. А. Мясное скотоводство: Основы и перспективы развития / Ф. А. Нагдалиев, О. В. Даниленко, В. А. Попов. // Барнаул. – 2000. – Б. 183.
6. Смирнов, Д. А. Производство говядины на основе интеграции молочного и мясного скотоводства / Д. А. Смирнов, Л. Н. Бугрим. – Зоотехния. – 2001. – №3. – Б. 2-5.
7. Хэммонд, Д. Биологические проблемы животноводства / Д. Хэммонд // перевод с англ.- М. : Колос. – 1954. – Б. 396.